

№158 орта мектебі




Әсемханқызы

Ұлбосын

2007

2008



**Әшірбай
ақынның
құнды
жырлары**



**Компьютерде интернеттен
материалдар жинақтауда**

**Оқушы ақынмен
кездесіп,
материалдар
жинақтауда.**



М А З М Ұ Н Ы

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім

**Әшірбай ақынның құнды
жырлары**

1. Ақынның өмірі мен өнері

2. Жүректен шыққан сырлы сөз.

III. Қорытынды.

Ұсыныс

Пайдаланылған әдебиеттер.

Қосымшалар



**Төрт бөліп түн ұйқымды еттім
еңбек,**

**Жан дүнием тебіреніп кейде терлеп.
Айтпасақ мәлім етіп көрсетпеске,
Кейінгі жастарымыз қалай сіңбек.**

**Өмірімді несіне жек көремін,
Ауыр – жеңіл болса да өткеремін.
Өмір қашып барады құсқа мініп,
Мен артынан жетсем бе деп келемін,-
деп өмір үшін күресу қажет екен.**

**Құндызбаев Әшірбай 1945 жылы Өзбекстан Республикасы
Верхноволинск ауданында 15 қаңтарда дүниеге келген. 1953 жылы өзбек
мектебіне түсіп 1956 жылы ата қонысына көшіп Шиелі ауданы, Ақмая
ауылына көшіп келді. С. М. Киров атындағы 7 жылдық, Шиеліде №47
қазақ орта мектебін бітіріп, Төңкеріс айылында алғашқы еңбек жолын
бастады. 1965 жылы №11 КМ–ді бітіріп еңбек ете жүріп Қызылорда
ауылшаруышылығы техникумын техник – механик мамандығы
бойынша 1981 – 84 жылдар аралығында бітіріп шығып, еңбекке
араласты. Бұл күнде жолдасы Жақсыгүлмен екеуі 7 ұл – қыз тәрбиелеп
отыр. 18 немере сүйіп шаңырағы шаттыққа бөленген жанұя. Алланың
берген денсаулығының арқасында шығармашылықпен айналысып
келеді.**



KABULDAG
HAYATLI

KASPIYAN
DUNYO

Shifom
shifom

Shifom
shifom

Shifom
shifom

Өз ақының күтіп жатқан жыр ма бұл,
Көз алдымнан күнде өтеді бір дәуір.
Көз алдымнан күнде өтеді бір тұлпар,
Елім – ай деп еңіреп бір туған ұл, – деп Әшірбай ағаның
жүрек жарды өлеңдері әр алуан тақырыпты қамтыған.

Мәселен бәрімізге белгілі бірінші кезекте тұратын адамдық қасиеттер туралы мына өлеңдер былай делінген:

Алға қойған міндетім бар арманым
Жалғастырсам өздеріңмен қалғанын
Жетпегенмен өздеріңнен қол созып
Адам болам өресі кең ойы озық

Ал мына өлеңінде жақсылық пен жамандықты қатар қойып суреттеген.мысалы,
Жаманмен айды білмес болма жолдас
Қас қылған татқан дөнге жігіт оңбас
Әліңше айналаңа қол ұшын бер
Ағашқа бұтағы жоқ бұл – бұл қонбас
Жақсылар айтар сөзге жорғалаған
Жамандар жауап таппай қорғалаған
Жауабың сауалыңа сай келмесе
Жамағат болар еді қолдамаған



بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Еңсебай ұлы Парманқұл кәлпе атындағы мешіттің ашылу рәсімінде Шорабаев Әбдіманапқа арнау

Уа, халқым құтты болсын мешіттерің.

Уа, халқым құтты болсын мешіттерің
Келіңіз шақырмай - ақ есіткенің
Халқының келешекте қамын ойлап
Салдырған Әбдіманап кәсіпкерің
Бас қосып болды міне үлкен жиын
Алланың көріп тұрсын берген сыйын
Жақсы іс шарапатын берем десе
Жаратқан бір Аллаға емес қиын.

АЛҒЫС ХАТ БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО



Қазынасы мен ақылшығы,
дәстүрдің тәрбиелік, ұлттық,
рухани байлығын, бағалы сөздерді
настхаптау, осы арқалы
ұпақтар сапасына ұялатып,
ұмыт болып баға қалған

"Мәдени мұра" баға беру дәстүрін әмірге кезінен
енгізу мақсатында өткізіліп

"Ақ баға" атты аудандық бағалылар жарысында

"Баға мен ер, жауынмен жер көлефер" деп

бабаларымыз айтқандай өнер көрсеткеніңіз үшін

Бүгдүрдібаев Аиірбай

осы атымен марапатталады.

Аудандық мәдениет және
тандерді өсіретін қолөнер
меңгерушісі

Ә. ОСЫНШИНОВ

Аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы

М. Зардан
ЖС: ЕРДЕШІБЕК

Аудандық мәдениет Үйі
мен клубтары методикентік
жазынатын қасиетін директоры

Б. Сөздібаев

Б. ҚОЖАБЕКОВ



АҚ БАҒА



Құрмет грамотасы

ПОЧЁТНАЯ ГРАМОТА

Құрметті Қ.Әшірбаев!

Біз Сізді «Өскен өңір» газетінің белсенді авторы, шын жанашыры ретінде құрметтейміз. Елбасы Жолдауын жүзеге асыру бағытындағы ойлы пікір, орамды ойларыңыз «Өскен өңірдің» өзіндік бетін танытуға көп көмегін тигізді. Сіз сонымен қатар аудан айнасына айналған басылымының таратылуына қолқабыс жасадыңыз, сол үшін де алғысымызды білдіреміз.

Шиелі аудандық
«Өскен өңір» газетінің
редакторы:



Алтай АЙЫП

Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрағасы:

Әшім МОЛДАҚАРАЕВ



ҚҰРМЕТ МАДАҚТАМАСЫ ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

Құрметті Әшірбай Құндызбаев!

Біз, Сізді табиғат сыйлаған дарын иесі ретінде бірнеше өлеңдеріңіз арқылы құрметтейміз.

Еңбек адамдарына, туған жерге, отанға арналған азаматтық үнімен орамды ойы жүрек лүпілі мен сезім сырлары арқылы өзіне еріксіз баурап алары хақ. Ендеше, оқырман жүрегіне жол жортқан ақын жырларына ақ жол тілейік.

Зор денсаулық, шығармашылық шабыт тілеймін.

Изгі ниетпен:

Төңкеріс ауылдық
округінің әкімі:

О.Садықов



Қорытынды.

“Ел іші - жер кеніші” дегендей, ауылымызда өзінің өлеңдерімен халыққа қызмет етіп жүрген ақын Әшірбай ақсақалдың еңбегі зор. Өзімнің сүйіп оқитын ақындардың өлеңдері мен шығармаларын жаныма

жақын тұтып оқимын. Ал жергілікті ақындардан Әшірбай көкенің өлеңдерін ұнатамын. “Өсиетнама”, Еске ал “Құран кәрім” аяттарын,

Тәлім ал үлкен – кіші жастанда т.б. өлеңдерін оқи отырып, имандылыққа, жақсы мен жаманды айыра білуге, өнер білімге, болашаққа жол сілтеп, бағыт – бағдарда айқындауда көмегі зор шығармалар деп таныдым. Ақынның сөз өрнектері мейірімді, қайратты болындар деп өзінің өлеңдерінде өсиет етіп қалдырған.

Өлеңдерді зерттеп көруде қызығушылығымды оятты. Біздің мақсатымыз осы кісінің өлеңдерін жинақтап, шығармаларын зерттеу, жарыққа шығару. Ғылыми жобаны жазу барысында айтарлықтай біршама еңбектер жасалды деп ойлаймын.